

gorenje




MMC1500BK

Асхана комбайны

Пайдалану жөніндегі басшылық

KZ

Пайдалану жөніндегі басшылық..... 00



ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

1. Ет тартқыш жетегіне арналған қорғаныс қақпағы
Кесуге арналған қондырманы блоктан шығару батырмасы
Ет тартқышқа арналған жетек
4. Қақпақ
5. Блендерге арналған жетек
6. Асхана комбайнына арналған жетек
7. Қорғайтын қақпақ
8. Көп функциялы блок
9. Тот баспайтын болаттан жасалған тостаған
10. Көп функциялы блокты блоктан шығару иінтірегі
11. Жылдамдықтарды ауыстырып қосқыш
12. Бұлғауыш
13. Қамырға арналған ілмек
14. Араластыруға арналған қондырма
15. Жұқа диск-үккіш
16. Ірі диск-үккіш
17. Ірі/орташа турауға арналған диск
18. Итергіш
19. Асхана комбайнының қақпағы
20. Асхана комбайнының тостағаны

- Егер аспап және/немесе оның аксессуарлары бүлінген болса, оны қолданбаңыз. Авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.
- Аспапты пайдалану мен тазалаудан басқа, онымен жасалатын кез келген жұмыс авторлық құқығы бар сервис орталығында жүргізілуі тиіс.
- Аспапты, желілік шнурды және ашаны суға немесе кез келген сұйықтыққа батырмаңыз.
- Шнурдың аспаптан, әсіресе балалардың қолы жететін жерлерде, аспаптың ыстық бөлшектеріне, сондай-ақ басқа да жылу көздеріне және өткір жиектерге жақын жерлерге салбырап тұруына жол бермеңіз.
- Аксессуарларды ауыстырмас немесе қозғалып тұратын бөлшектерге қол тигізбес бұрын әрқашан аспапты өшіріңіз және оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Аспап жұмыс жасап тұрған кезде бұлғауышқа, кесетін пышаққа және қамырға арналған ілмекке қолыңызды тигізбеңіз.
- Бір уақытта тек қондырманы қолданыңыз.
- Аспаптың үздіксіз жұмыс жасауының максималды ұзақтығы 10 минутты құрайды. Аспапты қайта қоспас бұрын 30 минут күтіңіз.

- Аспапты физикалық қозғалу және психикалық қабілеттері шектелген адамдарға, сонымен қатар оны қолдану үшін жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға тек тәжірибесі бар адамның қадағалауымен немесе егер олар аспапты қолдануға үйретілген болса және аспапты дұрыс пайдаланбауға байланысты туындауы ықтимал қауіпті түсінген жағдайда ғана осы аспапты қолдануға рұқсат етіледі.
- Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз!
- Жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін бүлінген желілік кабельді ауыстыруды өндіруші, авторлық құқығы бар сервис орталығы немесе білікті маман ғана орындай алады.
- Балаларға аспапты қолдануға рұқсат етпеңіз!
- Аспапты және оның желілік шнурын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз!
- Балалар аспапты үлкендердің қадағалауымен ғана тазалай және қызмет көрсете алады!
- Блендерді жетекке (5) немесе асхана комбайнын жетекке (6) жалғау кезінде көршілес жетекті қорғаныс қақпағымен (6.1) жауып қойған жөн.
- Ингредиенттерді тостағаннан алу кезінде, сонымен қатар дисктер мен пышақ блоктарын қолдану және тазалау кезінде сақ болыңыз. Кескіш жиектер өте өткір болады,
- Ыстық бумен күйіп қалудың алдын алу үшін асхана комбайнына немесе блендерге ыстық су құю кезінде аса сақ болыңыз.
- Егер елек немесе қорғаныс қақпағы бүлінген немесе көзге көрінетін сызаттары бар болса, аспапты қоспаңыз.

ҚАУІПТІ

Мотор блогын суға батырмаңыз және оны ағып жатқан су астына қоймаңыз.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

- **Аспапты алғаш қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.**
- Аксессуарларды ауыстырмас бұрын әрқашан аспапты өшіріңіз және оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Аспап жұмыс жасап тұрған кезде тағамдарды беру камерасына саусақпен немесе қандай да бір заттармен итеруге тыйым салынады. Тек итергішті қолданыңыз.
- Аспап тек үйде қолдануға ғана арналған. Егер аспап осы нұсқаулыққа сәйкес қолданылмаған болса, өндіруші ешқандай кепілдік бермейді.
- Аспапты жалғау алдында аспапта көрсетілген номиналды кернеудің жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Электр энергиясына дұрыс жалғамаған жағдайда кепілдіктің күші жойылады.
- **Аспапты тек жерге тұйықталған розеткаға ғана жалғаңыз. Қажет болған кезде тек жерге тұйықталған ұзартқышты ғана қолдануға болады. Ұзартқышқа адамдардың сүрініп қалмауын қадағалаңыз.**
- Жұмысты аяқтағаннан кейін, тазалау кезінде аспапты желіден ажыратыңыз.

- Аспап тек тұрмыста және осы сияқты жағдайларда ғана қолдануға арналған.
- Шу деңгейі: 72 дБ(А)

Бұл аспап Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын қолдану туралы 2012/19/EU еуропа деректемесіне сәйкес таңбаланған (Waste Electrical and Electronic Equipment – WEEE). Осы деректеме ЕО барлық елдерінде қолданылатын электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау және көдеге жарату бойынша талаптарды анықтайды.

Маңызды

Аспапты әрқашан тегіс, тұрақты бетке орналастырыңыз. Шырын сыққыштың үздіксіз жұмыс жасауының максималды ұзақтығы 10 минутты құрайды. Аспап тек үйде қолдануға ғана арналған. Gorenje ұсынбаған қосалқы бөлшектерді қолданбаңыз. Әйтпесе, аспаптың кепілдігі күшін жояды.

ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАМАС БҰРЫН

Барлық алмалы-салмалы бөлшектерді жуыңыз. ('Тазалау' тарауын қараңыз). Ашаны розеткаға қосар алдында аспаптың дұрыс құрастырылғанын тексеріп алыңыз. Желілік шнурды электр желісіне қосыңыз.

АСПАБЫН ПАЙДАЛАНУ

АРАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҚОНДЫРМА / БҰЛҒАУЫШ / ҚАМЫРҒА АРНАЛҒАН ІЛМЕК



Оңтайлы нәтижелерге жету үшін тостаған астындағы қондырмалар биіктігін реттеуге болады. Тостағандағы (9) ингредиенттерге байланысты 2,3 килограмм қамырға дейін дайындауға болады.

1. Көп функциялы блокты блоктан шығару иінтірегін (10) жоғары көтеріп, блокты көтеріңіз. Тостағанды (9) аспапқа орнатыңыз және оны бекігенге дейін бұраңыз. Орнатпас бұрын тостағанға ингредиенттерді салып алыңыз.
2. Тостаған қақпағын орнатыңыз, содан соң өңделетін өнімдерге байланысты ұяшыққа қажетті қондырманы (араластыруға арналған қондырма, қамырға арналған ілмек немесе бұлғауыш) салыңыз. Білікті бұра отырып, қондырманы орнату биіктігін реттеңіз.
3. Көп функциялы блокты (8) сырт еткен дыбыс шыққанша түсіріңіз.
4. Араластыру кезінде қақпақтағы саңылау арқылы ингредиенттерді салуға болады.
5. Аспап жұмысын тоқтату үшін батырманы (10) кейін қарай 0-ге бұраңыз.
6. Алғаш қолдану алдында бөлшектердің барлығын сабынды сумен жуыңыз, шайыңыз және кептіріңіз.
7. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жердегі тегіс, құрғақ, төзімді бетке орнатыңыз және электр желісіне қосыңыз.

КЕСУГЕ АРНАЛҒАН ДИСКТЕР / ДИСК-ҮККІШТЕР



1. Көп функциялы блокты (7) горизонталь күйге орнатыңыз және қақпақты (4) ағытып алыңыз.
2. Асхана комбайнының тостағанын асхана комбайнына арналған жетекке (6) орнатыңыз және сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз. Асхана комбайнының тостағаны блендерге арналған жетекке (5) сай келмейді.
3. Жұқа, орташа немесе ірі диск-үккішті немесе ірі немесе орташа турауға арналған үккішті білікке орнатыңыз. Бір уақытта тек бір қондырманы қолдануға болады.
4. Асхана комбайнының тостағанын қақпақпен жабыңыз.
5. Ингредиенттерді беру камерасына итергіш көмегімен түсіріңіз.

Маңызды

1. Тек балғын өнімдерді ғана қолданыңыз. Тағамдарды өте ұсақтап турамаңыз. Беру камерасын ені бойынша біркелкі толтырыңыз.
2. Тағамдарды беру камерасына саусағыңызбен итермеңіз.
3. Ірімшікті, сәбізді, картопты, қиярды, пиязды, қызылшаны және т.б. өңдеу үшін жұқа, орташа немесе ірі диск-үккішті немесе ірі немесе орташа кесуге арналған дискті қолданыңыз.
4. Кескіш жиектер өте өткір болады, Абай болыңыз!
5. Жұмыс аяқталғаннан кейін ауыстырып қосқышты OFF (ӨШІРУ) күйіне орнатыңыз.
6. Егер қақпағы жабылмаса, дискі бар білікті сағат тілі бағытында 1-2 айналымға бұраңыз, білік дұрыс күйге орнатылуы тиіс. Қақпақты жабыңыз.

ТАЗАЛАУ

1. Желілік шнур ашасын розеткадан ажыратыңыз:
2. Электрлік қозғалтқыш блогын суға батыруға және ағын сумен жууға тыйым салынады. Блокты жұмсақ құрғақ немесе сәл ғана дымқыл матамен сүртіңіз.
3. Қондырмалар мен аксессуарларды қолданып болған соң тазалаңыз. Қондырманы толығымен ағытып алыңыз. Қондырмаларды сақ болып қолданыңыз. Кескіш жиектер өте өткір болады,
4. Тағамдарды бояулары (сәбіз, апельсин және т.б.) аспап бөліктерін бояуы мүмкін. Боялған бөліктерді есімдік майына салынған матамен сүртіңіз және едеттегідей тазалап алыңыз.

Қондырма	Тағамдар	Максималды мөлшері	Жұмыс уақыты	Жылдамдық	Пісіру
Бұлғауыш	Кілегей 38%	500 мл	10 минут	5-6	/
	Жұмыртқа ақуызы	12 дана	3 минут	5-6	/
Қамырға арналған ілпек	Ұн	1500 г	1 минут 30 секунд минималды жылдамдықпен, содан соң 3 минут 1-жылдамдықпен араластырыңыз. Аспапты 5 минуттан артық қолданбаңыз.		/
	Тұз	10 г			
	Ашытқы	20 г			
	Қант	10 г			
	Су (43°C)	750 г			
	Май	30 г			
Араластыруға арналған қондырма	Ұн	200 г	5 минут	3-4	/
	Қант ұнтағы	200 г			
	Маргарин	200 г			
	Жұмыртқа	4 дана			
Кесуге арналған дисктер / диск-үккіштер	Сәбіз	400 г	15 секунд	4-сурет	/
	Картоп	400 г	15 секунд	4-сурет	/
	Пияз	400 г	15 секунд	4-сурет	/

ҚОРШАҒАН ОРТА

Бұйым тұрмыстық қалдық ретінде жойылмауы тиіс. Оны одан ары кәдеге жарату үшін оны электронды және электрлік жабдықтардың тиісті орындарына тапсырған жөн.



Бұйымды кәдеге жарату ережелерін сақтау арқылы қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын ала аласыз.

КЕПІЛДІК ЖӘНЕ СЕРВИС

Ақаулар туындаған кезде авторлық құқығы бар

сервис орталығына хабарласыңыз. Авторлық сервис орталықтарының тізімін «Кепілді міндеттемелер» кітапшасынан және www.gorenje.com сайтынан таба аласыз.

Тек үйде қолдануға арналған!

GORENJE
АСПАПТЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫ ТІЛЕЙДІ!

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!